# Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

**Күні:.04.09.2022 ж.**

**Қатысканы: 38 адам**

**Күн тәртібінде:**

1. Баяндама - **"Баланың балабақшаға бейімделуі"**.

2. Баяндама: "Мектепке дейігі балалардың денсаулық мәдинетін калыптастыру,денсаулық сақтау технологияларын пайдалану арқылы сауықтыру"

3. Ата-аналар комитетін құру

**4.Әр түрлі сауалдар.**- топ тәрбиешілері.

5. Қорытынды

**Тындалды :**

1. **Бірінші сұрақ бойынша тындалды:** (баяндама оқыған Уалиева Д.Т.)

Әр бала жеке қалыптасып келе жатқан тұлға. Әрқашанда үйде еркіндікте,жақындарының арасында жүрген бала үшін балабақшаға үреніп кетуі біраз уақыт қажет етеді.Кейбір балалар көпшіл,ортада араласа ойнағанды жақсы көрсе,ал кейбір бала үшін балабақшаға үйрене алмай біраз күйзелістен өтеді,сол уақытта бала мен устаз жэне ата-ана бірлесіп жұмыс жасаса баланың балалбақшаға деген қорқыныш сезімі жойылып, тек ойында лаззат алуға бейімделеді.

**2.Екінші сұрақ бойынша тындалды:** ( баяндама оқыған Сыдыкова Д.С. )

Ата-аналарға балалардың балабақшаға беймделуінің денсаулыққа да әсері мол. Кейбір бала балабақшаға келгеннен жиі ауырып,балабақшаны көп қалдырады.Бала тез сауығып, балабақшаны калдырмай келіп жүруі үшін баланың иммунитетін күшейту қажет.Ол үшін таза ауада жиі қыдыру, ауа райына сәйкес киіндіру,бөлмені желдетіп түру,көбірек жемістер мен дәрумендер тұтыну,тұмау уақытында мойынға сарымсақ тағу сияқты кағидаларды ескерту.

**3.Үшінші сұрақ** бойынша ата-аналар комитетін құру: Ата -аналар комитетін бірлесе отырып шешті.

Комитет торайымы болып: Оспанова Ж.С. сайланды. Комитет мүшесі: Егеубаева М.Е.

**4. Түрлі сауалдар бойынша** сөзді тәрбиеші бастады.

-балабакшаға кешікпей келулеріңізді сұраймыз

-балабакшаны себепсіз қалдырмау

-төлем ақыны уақытылы төлеу

-Ауа -райына карай балаларды киіндіру

-Балабақшаның іс-шараларына ат салысу

**5. Бесінші мәселе бойынша** ересек топ тәрбиешісі Дюсюпова Д.Н. сөз алды. Оқу жылының жаңа бастағандықтан, барлықтарыңызға сәттілік тілеп, ата аналарға сабырлық пен шыдамдылыққа шақырып, жәнеде балабақша іс шараларына үнемі қатысып ,ат-салысып жүрулеріңізді сұраймыз.Ата аналарды жылдық жоспармен, жас ерекшелігіне байланысты ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы, кесте, күн тәртібімен таныстырылды. Қалған уақытта циклограммадағыдай топпен, жеке баламен калай жұмыс жасалатыны туралы айтылып өтілді.

**Шешім:**

1."Баланың балабақшаға бейімделуі"-атты баяндама қанағаттанарлық деп қабылдансын.

2. Комитет төрайымы:Оспанова Ж.С.

Комитет мүшесі: Егеубаева М.Е. болып сайлансын.

3.Жана оку жылында балаларга керекті оқу-құралдарымен, дидактикалық ойындармен қамтамасыз етілсін.

**Төрайым** **Оспанова Ж.С.**

**Хатшы:** **Егеубаева М.Е.**